

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2022 жылғы 28 қараша

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті әріптестер, өздеріңізге белгілі, 26 қарашада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевты ұлықтау рәсімі өтті.

«Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес Президентке тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар басшыларының өкілеттігі жаңадан сайланған Президент қызметіне кіріскен кезде тоқтатылады.

Бұл Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасына да қатысты ереже.

Конституцияға сәйкес Президенттің Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын тағайындауына келісім беру Сенаттың ерекше қарауына жатады. Соған байланысты Сенатқа Мемлекет басшысының тиісті ұсынымы келіп түсті.

Осыған орай күн тәртібінде қарау үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын тағайындауына келісім беру туралы мәселе ұсынылады.

Күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын тағайындауына келісім беру туралы мәселені қараймыз.

Мемлекет басшысының ұсынымын жариялау үшін сөз Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі – Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы Нұрдәулетов Ғизат Дәуренбекұлына беріледі.

НҰРДӘУЛЕТОВ Ғ.Д. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Қазақстан Республикасы Конституциясының 55-бабының 2) тармақшасына сәйкес Мемлекет басшысы мен Парламент Сенатының келісуіне Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы лауазымына тағайындау үшін Сағымбаев Ермек Алдабергенұлының кандидатурасы енгізілді.

Сіздер оны жақсы білесіздер. Ермек Алдабергенұлы еңбек жолын 1994 жылы бастап, ұлттық қауіпсіздік органдары мен Мемлекеттік күзет қызметінде рет-ретімен әртүрлі офицерлік, оның ішінде басшы лауазымдарды атқарды.

2021 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметін басқарды.

2022 жылғы қаңтардан бастап Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы болды.

Қызмет барысында Ермек Алдабергенұлы өзін сауатты әрі білікті басшы ретінде танытты. Қажетті кәсіби және іскерлік қасиеттерге ие.

Осыған орай сіздерден Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы лауазымына Сағымбаев Ермек Алдабергенұлының кандидатурасын қолдауды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Ғизат Дәуренбекұлы, рақмет. Орныңызға отырсаңыз болады.

Осы мәселе бойынша Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті қорытынды әзірледі. Комитеттің қорытындысын жариялау үшін сөз комитет төрағасы Құл-Мұхаммед Мұхтар Абрарұлына беріледі.

ҚҰЛ-МҰХАММЕД М.А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті Қазақстан Республикасы Президентінің Ермек Алдабергенұлы Сағымбаевты Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы қызметіне тағайындауына келісім беру туралы ұсынысты қарап, мыналарды атап өтеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің Ермек Алдабергенұлы Сағымбаевты Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы қызметіне тағайындауына келісім беру туралы ұсынуы Сенатқа Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 4) тармақшасына, 55-бабының 2) тармақшасына сәйкес енгізіліп отыр.

Ермек Алдабергенұлы Сағымбаевтың өмірбаяны туралы жаңа толық айтылып өтті. Дегенмен бір-екі мәселені қайталап өтуге болады.

Ол 1994 – 2006 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік органдарында офицерлік лауазымдарды атқарған.

2006 – 2019 жылдарға дейін Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінің офицерлік және басшылық лауазымдарында қызмет атқарды.

2019 жылдан 2021 жылға дейін Мемлекеттік күзет қызметі бастығының орынбасары, кейіннен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің бастығы болып тағайындалды.

2022 жылғы қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы болып қызмет атқарып келе жатыр.

Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуын қарау нәтижесі бойынша Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті Сенат Регламентінің 71) тармақшасын басшылыққа ала отырып мынадай қорытындыға келді:

Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына Қазақстан Республикасы Конституциясының 55-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің Ермек Алдабергенұлы Сағымбаевты Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы қызметіне тағайындауына келісім беруге ұсыныс енгізеді.

Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Мұхтар Абрарұлы.
Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Сұрақтар жоқ. Талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық. Шешімді ашық дауыс беру арқылы қабылдау ұсынылады. Қарсылық жоқ па, әріптестер?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Ендеше дауыс беруге көшейік. Қазақстан Республикасы Президентінің Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы қызметіне Сағымбаев Ермек Алдабергенұлын тағайындауына келісім беру жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Келісім берілді.

Ермек Алдабергенұлының еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған жауапты қызметіне табыс пен сәттілік тілейміз.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі мәселе қаралып болды. Осымен Палатаның отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2022 жылғы 28 қараша

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын тағайындауына келісім беру туралы

О даче согласия на назначение Президентом Республики Казахстан Председателя Комитета национальной безопасности Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі – Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы Ғ.Д. НҰРДӘУЛЕТОВТІҢ баяндамасы

Доклад помощника Президента – Секретаря Совета Безопасности Республики Казахстан НУРДАУЛЕТОВА Г.Д. 1

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы М.А. ҚҰЛ-МҰХАММЕД қосымша баяндамасы

Содоклад председатель Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности КУЛ-МУХАММЕД М.А. 2

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директоры

Стенографиялау қызметінің басшысы



А. Құсайынов

Г. Молдашева